



**Жария өкілеттіктер берілген субъектілердің  
ерекшеліктері.**

**Әкімшілік-жария салада атқарушы билікті жүзеге  
асырудың құқықтық және ұйымдастырушылық  
нысандары.**

# **Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі - Қазақстан Республикасының 20-кодексі**

**Қабылдау күні:** 2020 жылғы 29 маусым

**Қолданысқа енгізу күні:** 2021 жылғы 1 шілде

**Өзгерістер енгізу туралы заңдар:** 2

**Баптардың саны:** 175 бап

# Қатынастарды реттеу

Кодекс уәкілетті органдардың мемлекеттік басқару саласындағы **билік қызметін** (*әкімшілік және өзге де жария-құқықтық қатынастар*) жүзеге асыруына байланысты қатынастарды реттеуге бағытталған, сондай-ақ жоғары тұрған органда да, сотта да осындай құқықтық қатынастардан туындайтын құқықтық дауларды қарау тәртібін белгілейді.



# Уәкілетті орган

1

Орындалуы міндетті өкімдерді беру құқығы


2

мәжбүрлеу сипатындағы шараларды қолдану құқығы;

3

басқарылатын субъектілер арасындағы олардың құқықтық мәртебесі, құзыреті және т. б. мәселелері бойынша дауларды шешу құқығы.

**Билік арасындағы  
қатынастар жүйесі**



**Құқықтық  
қатынастар жүйесі**



**Қазақстан Конституциясының 39-бабына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.**



# Өкілеттіктің ерекшеліктері

- Біріншіден, жария субъект біржақты тәртіппен адресаттың **келісімінсіз** оның құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге, күшін жоюға бағытталған шешім қабылдауға құқылы (*мысалы, орындалуы міндетті ұйғарымды шығару*).
- Екіншіден, мемлекеттік субъектілерге өкілеттіктер мемлекет алдына қойылған белгілі бір міндеттерді шешу үшін берілгенін түсіну керек. Осыған байланысты билік субъектісінің өкілеттіктері тек субъективті құқық емес, сонымен қатар **құқықтар мен міндеттердің үйлесімі немесе құқықтық жауапкершілік** болып табылады.
  - Заңда белгіленген шарттар болған жағдайда, жария субъект өз құқықтарын жүзеге асыруға міндетті және одан өз еркімен бас тарта алмайды.

# Құқықтық санатының негізгі түсініктері

## Әкімшілік акт

жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім

## Әкімшілік әрекет (әрекетсіздік)

әкімшілік органның, лауазымды адамның жария-құқықтық қатынастардағы, әкімшілік акт болып табылмайтын әрекеті (әрекетсіздігі)

# Әкімшілік орган

## Мемлекеттік субъектілер

Мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға

Орталық мемлекеттік органдар, олардың ведомстволары, аумақтық бөлімшелері (Үкімет, Президентке есеп беретін, мемлекеттік органдар, министрліктер, комитеттер, аумақтық департаменттер және т. б.)

## Мемлекеттік емес субъектілер

Заңдарда жария функциялар берілген ұйымдар

ҰҚП, Республикалық нотариаттық палата, Республикалық адвокаттар алқасы, жеке сот орындаушыларының палатасы, міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымдар және жария-құқықтық салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін іске асыратын өзге де субъектілер жатады



## Мемлекеттік орган

- Жергілікті атқарушы органдар (әкімдер, олардың аппараттары, облыстық басқармалар, аудандық, қалалық бөлімдер және т. б.)
- Мемлекеттік заңды тұлғалар («Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ, «Қазавтожол» АҚ, «Үлестік құрылысқа кепілдік беру қоры» АҚ және т. б.)

## Мемлекеттік емес субъект

- Мысалы, егер азамат нотариус болғысы келсе, лицензия алуы керек (бұны Әділет министрлігі беретін әкімшілік акт), сондай-ақ Республикалық нотариаттық палатаның мүшесі болуы тиіс (аталған ұйымға мүшелікке қабылдау туралы шешім де РНП қабылдайтын әкімшілік акт болып табылады). Нотариаттық қызметпен айналысу құқығын іске асыру заңда Әділет министрлігі мен РНП-ның айрықша құзыретіне жатқызылған. Осылайша, осы қатынастарда РНП әкімшілік орган болады.

**БАРЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРДІҢ БАСТЫ КРИТЕРИЙІ —  
ӘКІМШІЛІК АКТІНІ ҚАБЫЛДАУҒА ӨКІЛЕТТІК**

Жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын немесе міндеттерін іске асыруға бағытталған өзінің билік (жария) қызметі туралы мәселе қозғалса, мемлекеттік орган әкімшілік орган ретінде әрекет етеді.

Басқа жағдайларда мемлекеттік орган әкімшілік орган болып табылмайды.

### **Мысалы:**

Облыс әкімінің аппараты мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасты. Өнім беруші облыс әкімі аппаратының шарттың белгілі бір талаптарын орындамағаны жөнінен шағымданады. Бұл жағдайда Аппарат әкімшілік орган болып табылмайды, өйткені бұл қатынастарда Аппарат билік субъектісі ретінде емес, «МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ» азаматтық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға ретінде әрекет етеді және тараптар арасында жасасылған шарт аясында азаматтық-құқықтық дау БАР.

# Әкімшілік актінің құқықтық құрылымы



Біріншіден, әкімшілік акт, ең алдымен, әкімшілік органның, лауазымды тұлғаның жария құқықтық қатынастарда қабылдайтын шешімі.



Екіншіден, әкімшілік акт – бұл билік өкілеттіктерін іске асырудың нәтижесі. Біржақты ерікті білдіре отырып, әкімшілік акт оларды қабылдауға алдын ала келісім алмай-ақ, олар жолданған адамдар үшін заңды салдарға әкеледі.



Үшіншіден, әкімшілік акт – мемлекеттік басқару мәселелері бойынша қабылданатын шешім, бұл материалдық критерий болып табылатын



Төртіншіден, әкімшілік акт құқық нормаларын қамтымайды, құқық нормаларын нақты жағдайларға қолдану актісі болып табылады.

# Жария-құқықтық қатынастарды реттеу



ӘРПК әкімшілік орган (лауазымды адам) мен осы әкімшілік органның заңда белгіленген жария функциялары іске асырылатын тұлға арасында туындайтын жария-құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған.



Осы қатынастарды реттеу сыртқы әкімшілік рәсімдермен, сондай-ақ әкімшілік сот процесімен (егер мемлекет пен адам немесе ұйым арасында жария-құқықтық дау болса) белгіленеді.





# Лауазымды тұлға

«ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» Заңның ережелеріне сәйкес лауазымды адам – билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын адам. Сонымен бірге Қылмыстық кодексте аталған функцияларды тек мемлекеттік органдарда ғана емес, сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарында да, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарында атқаратын лауазымды адам деп айқындалған. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы жоғарыда аталғандарға квазимемлекеттік сектор субъектілерін қосады.



**20-бап.** Әкімшілік орган, лауазымды адам келесі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

- 1) жолданымдарды қабылдайды және тіркейді, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдеседі, формальды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік береді;
- 2) әкімшілік рәсімге қатысушыға оның әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;
- 3) әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сұратады және алады;
- 4) әкімшілік рәсімге қатысушыны өткізілетін тыңдаудың орны мен уақыты туралы күні бұрын хабардар етеді;
- 5) осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, әкімшілік рәсім бойынша шешім қабылдау алдында әкімшілік рәсімге қатысушыны тыңдайды;
- 6) әкімшілік актіні осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімге қатысушының не олардың өкілдерінің назарына жеткізеді;
- 7) осы Кодексте белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушының құқықтарын іске асырудан бас тартады;
- 8) осы Кодексте көзделген жағдайларда, өз құзыреті шегінде әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға жәрдем көрсетеді;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

- **41-бап. ӘРПК мемлекеттік органның құзыретін, өкілеттіктерін, функциялары мен міндеттерін айқындайды**
- 1. Мемлекеттік орган қызметінің нысанасын айқындайтын оның белгіленген өкілеттіктерінің жиынтығы мемлекеттік органның құзыреті деп түсініледі.
- Мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттері мемлекеттік органның өкілеттіктері деп түсініледі.
- Мемлекеттік орган қызметінің негізгі бағыттары мемлекеттік органның міндеттері деп түсініледі.
- Мемлекеттік органның өз құзыреті шегінде қызметті жүзеге асыруы мемлекеттік органның функциялары деп түсініледі.
- Мемлекеттік органның құзыреті, өкілеттіктері, функциялары мен міндеттері Қазақстан Республикасының [Конституциясында](#), Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, өзіне қатысты жоғары тұрған орталық мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.



# Мемлекеттік органның функциялары:

жоспарлы құжаттарды әзірлеу, қабылдау, халықаралық қатынастарды, ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі функциялар **стратегиялық** функциялар болып табылады;

мемлекеттік функциялардың іске асырылуын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілерді тіркеу және олардың орындалуына талдау жүргізу, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру, мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі функциялар **реттеу** функциялары болып табылады;

жоспарлы құжаттарды, нормативтік құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге, оның ішінде рұқсаттарды, сондай-ақ оларға қосымшаларды беруге, ұзартуға, қайта ресімдеуге, жаңартуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсаттарға, сондай-ақ оларға қосымшаларға қатысты көзделген басқа да әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған функциялар **іске асыру функциялары** болып табылады;

жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік мекемелер қызметінің нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру және байқау жөніндегі функциялар **бақылау функциялары** болып табылады.

## 42-бап. Жеке-дара өкімдік қызмет

- 1. Мемлекеттік органдарда лауазымды адамдар жүзеге асыратын, уәкілетті лауазымды адамдардың жеке қолданылатын құқықтық актілерге жеке-дара қол қоюынан, қарамағындағы қызметкерлерге нұсқаулар мен тапсырмалар беруінен, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру жөнінде өзге де ұйымдық-өкімдік шараларды жеке-дара қабылдауынан тұратын қызмет жеке-дара өкімдік қызмет болып табылады.



## 43-бап. Алқалы мемлекеттік орган

- 1. Шешімдері мемлекеттік органдар мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын органдар алқалы мемлекеттік органдар болып табылады. Алқалы орган қабылдайтын шешімдердің заңдылығы үшін жауаптылық, шешімді қабылдаған кезде қарсы дауыс бергендерді қоспағанда, алқалы органның дауыс беруге қатысқан барлық мүшелеріне жүктеледі.
- 2. Алқалы мемлекеттік органдар қызметінің негізгі нысаны осы органдардың шешімдері қабылданатын олардың отырыстары болып табылады.

## 55-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

- 1) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

# 57-бап. Орталық атқарушы органдардың құзыреті

- 1) жыл сайынғы негізде мүдделі тұлғалармен, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) бәсекелес ортаға беру үшін іріктеуді жүзеге асырады;
- 2) мүдделі тұлғалармен, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайындығына талдау жүргізеді;
- 3) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға бәсекелес ортаға беру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы (аясындағы) бәсекелес ортаға беру, сондай-ақ орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға берілген функцияларын қайтару мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;
- 5) пайдаланушылардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;
- 6) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушыларды миниторинг нәтижелерімен таныстыруға міндетті;
- 7) орталық атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру кезінде оңтайландыру нысанасына есеп-қисап жүргізеді және оны мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға келісуге жібереді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 57-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

- 1) жыл сайынғы негізде мүдделі тұлғалармен, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру үшін іріктеуді жүзеге асырады;
- 2) мүдделі тұлғалармен, орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жергілікті атқарушы органдардың бәсекелес ортаға беру үшін ұсынылатын функциялары бойынша нарықтың дайындығына талдау жүргізеді;
- 3) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) пайдаланушылардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;
- 5) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушыларды миниторинг нәтижелерімен таныстыруға міндетті;
- 6) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелес ортаға беру кезінде оңтайландыру нысананына есеп-қисап жүргізеді және оны мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті органға келісуге жібереді;
- 7) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

# Қорытынды

- Қорытындылай келе, ӘРПК-ны қабылдаудан сотқа дейінгі шағымдану және сотқа талапарыздардың көлемінің едәуір ұлғаюы түрінде жағымсыз салдар болуы мүмкін екенін атап өткен жөн.
- Бұл осындай заңнамалық актілерді алғашқы рет қабылдаған барлық елдерде болатын процестер, бірақ бұл әкімшілік органдарды адамдардың өтініштерін тиісті қарауды және заңды және негізделген шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге ынталандырды.
- Мысал ретінде Латвияның тәжірибесін келтіруге болады, онда 2004 жылы Әкімшілік-процестік заң қабылданғаннан кейін шағымдар мен талапарыздардың көлемі үлкен болды, бірақ белгілі бір уақыт өткеннен кейін (шамамен 5 жыл) Латвияның GIZ өкілі сарапшысының ақпараты бойынша әкімшілік соттарға талапарыздардың көлемі 30-40% азайды, өйткені әкімшілік органдар адамдардың өтініштерін сапалы қарауды қамтамасыз етеді, осылайша қоғамның мемлекеттік билікке деген сенімі артты.
- Жалпы, ӘРПК-ның қабылдануы құқықтық мемлекет идеясына сәйкес мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастардың жаңа сатысына, заңның үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі нақты қадамға айналады, сондай-ақ елдің инвестициялық климатына жағымды әсер етеді.



Енді ӘРПК нормаларын біздің қызметімізге енгізу бойынша алдымызда үлкен жұмыс тұр. Біз Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін қабылдау әкімшілік рәсімдер институттары мен әкімшілік әділет институттарын жетілдіруге зор серпін беретініне сенеміз.

